

## **СҰЛТАН ЖАНБОЛАТОВ**

### **ҮЙСІН БИЛЕУШІСІ – ЕЛЖАУ КҮНБИ**

В статье рассматриваются заслуги Елжау Кунби в укреплении государства усуней и до самой смерти. Автор статьи мнения китайских историков Сымы Чян и Бан Гу об Елжау Кунби приводит в качестве фактов.

Makalede Yelcau Künbi'in Üysin devletinin büçlenmesi için yaptıklarından boşloyrak ve o ettiğine kadar kaydettiği yoldan bohsedilmektedir. Yazar Çin tarihçileri Sima Şıyan ve Ban Gu'un Yelcau hakkındaki fikirlerini de kaynak olarak kullanmıştır.

Елжау Күнби кім? Әрі сауатты, әрі басылым құмар оқырман арасында мұндай сұрап қоюшылар жоқтын қасы. Бірақ біздегі оқырманның бәрі мұндай сипат ала бермейді. Ал, оқырман әлеміне ат ізін сирек салатын жандардың жәй бұқара тұғл баспры не зиялы қауым арасында да көбейе түскенін ескермей тағы болмайды. Оған телевизиялық информация жүйесінің дамып бара жатқаны ғана кінәлі емес, әрине... Мына мақала маған осыларды ескерте отырып қойылған ұсыныстан туындалап отыр.

Кез келген мемлекет немесе ұлттың ұзақ тарихы болады. Өйткені оның ешқайсысы да бір күні көктен салбырап тұсе қалмаған. Не Адам Ата – Хау Анадан тараған, не маймыл текстес бір түрлі жануардан эволюциялық жолмен өзгерген, яки дельфиннен айнаған болсын, әйтеуір адамзат топтары ұзақтық жағынан бірдей тарихқа ие. Тек оның бүтінгі қолданып жүрген аты ғана әр түрлі ұзын-қысқа дәуірге ие. Ал, оның қараған мемлекеті де осы аты іспеттестеу тарихқа ие болды.

Қытай тарихнамасының бір абзал дәстүрі - «өткенді болашақ үшін баяндайтындығында». Үстіміздегі ғасырда Қытай тарихнамасы терен өзгерістерге де, тамаша жетістіктерге де, көп те күрделі мәселелерге де ұшырады. Соның ішінде анағұрлым терен (мысалы, идеялық мұра) қатпарындағы тәжірибе-сабактың, бастысы, «солышыл» идеялық ағымның ықпалынан сақтану болғаны айдан анық, өйткені осы ықпалдың кесірінен формуласстыру, доктриналық формализм, ұғымдастыру, таптық күресті арқау ету, бүкіл тарихтың орнына шаруалар соғысын ғана қою, хан, патшаларды бір-ақ сынырып тастау, ғылым, өнер иелерін (мысалы, Құң Зы, Ду Фу, Су Шыларды) аластау, зерттеу аясын тым тарылту, тақырыпты бірсыздырғы баяныластыру, зерттеу тәсілін өте қарапайымдастыру ... жалпы Кеңес Одағының қателіктерін айна-қатесіз көшіріп әкелу етек алды да, жетістіктеріміздің бұдан да зораюына ауыр кесірін тигізді. Бізді бұдан Қытай партиясының 11-ші кезекті орталық комитетінің үшінші жалпы мәжілісі құтқарды. Соның арқасында тарихнама көктемі басталып, бүтінгі күнге қолымыз жетіп отыр. Әйтпесе, бізге бір тұста, бір ғасырда Азия дейтін қасиетті бір өнірде катар өмір сүрген Хән Уди патша, Моте Тәніркүт, Елжау Күнби сияқты үш данышпаниның тарихи да зор үлесі жөнінде сөз козғау тіптен де мүмкін емес-ті. Ал, мүмкін болған күнде де, құлдардың, шаруалардың оларға қарсы көтерілістері мен сирек кезігетін олар ара

қырғын, қасан қанмайдан соғыстарды ғана баяндатып тынғызар еді. Көтеріліс пен соғыстан гөрі әлде сан есе уақыттарды алып жатқан, одан гөрі әлдекайда мол рухани, өркениеттік жемістерді беріп жатқан бейбіт өмірге қызықтырmas еді. Мұндағы ауыс-күйіс, барыс-келіс, еңбек-табыс жөніндегі баяныңды «мыжғаулық» санар еді. Тарихи алып тұлғаның, әсірсесе хан, патшалардың төңірегіне аялдау мұндайда тек қатерге бастайтын, сондықтан Дын Шяупиң назариасы мен амалиаты бізге әкелген көктемнің тамаша құлпыра көктеген бір тұсы – тарих ғылымы, тарихи көркем әдебиет деп ауыз толтыра айта аламыз.

Бізді исламиатшылар Нұқ пайғамбардан таратып, қазақ шежірешілері оның артын Қытай халқы сияқтылармен туыстас етіп айырса, қытай рауаятында өздерін «Ян патша мен Хуаң патшаның нәсіліміз», «Ұлуға үрпакпаз» десіп, бізді (мысалы, Ғұндарды) Хуаң патшаның Шяхоу атасынан тарағандар деп аталасқа жатқызады. Шяхоу кім? (Сак - скиф пе, зақ па? Шах па?) .... Эрине, зерттеп жатармыз. Эйтеүір адамзаттың тұп тегі бір екені рас болуы керек.

Адамзат бастауы (төркіні, этногенезі) жөніндегі айтыс (Қытай не Африка...) әлі аяқтала қоймағанымен, алғашқы адамзаттың тасқа айналған сүйегі Қытайдан да, Африкадан да көптеп табылуда, ал, осы екі өнірдің арасы – жағрафиялық көпір іспетіндегі кең мағынадағы Қазақ дештінің адамзатқа ерте заманнан бері-ак мекен болғаны археологиялық табындылар арқылы дәлелденіп отыр.

Эрине, заман ықылымы қанша құбылса да, талай жырғап, сан сорласа да, сол ата -бабалардан тараған үрпактың бүгінге жеткеніне, сонын бірі біз екеніне және негізінен тағы сол ата-мекен өнірінен шықпағанымыздың кәміл сенуіміз керек. Иә ... ауып келушілер, сіңушілер де көп болды. Босып кетушілер, өзгеге кіріккендер де толып жатты. Бірақ сол ата-бабадан өрбіген қандастар ғаламның дені осы дештіде, оның өне бойы тұсында өмір шегіп бүгінге келді.

Ал, ұлтыймызды құраған ірі тайпалар біздің заманымыздан бұрын-ак одак құрап, сол кезге тән мемлекет тұрғызып, әлеуеті де ауқатты ел бола бастаған деген шындықтың үні орыс отаршыл шовинистерінің құлағына түрлідей тисе, Қытай ғалымдары жағынан алақайлап айналып келді. Эрине, ең алғашқы мемлекеттердің барлығы да қандас топтардың негізінде қалыптасты. Ал, қандас топ дегенің тар, тұйық және шектеулі болғандықтан, ол мемлекеттердің көлемі шағын, билік құрылымы әлсіз болды. Десе де тайпалық одакқа (мысалы, үйсін мемлекеті сияқтыларға) өткеннен кейін әлсіздіктер жойыла бастап, қандастық байланыстың орнын жағрафиялық байланыс басатын күрделі барысқа енді және ол алдыңғының өзінде де жағрафиялық байланыс болғандықтан өтे ұзакқа созылды.

Қазактың тұрғындар тобының (популяцияның) биологиялық тарихындағы мәселелер физикалық антропологиямен зерделенеді. Әсірсесе, оның тірі индивидумының (жекесінің), антропометриясы (басының, денесінің

## Жанболатов С. Үйсін билеушісі-Елжау Құнби

өлшемдері), коне заман адамдарындағы серология (қанның жататын тобы) және одонтология (тіс морфологиясы), дермаглифиқа (алақан, саусақ терісіндегі бедер), краниология (бассүйек морфологиясы) палеоантропология (қазып алғынған сүйек калдықтары) дейтін салалары бойынша талданады. Осы негіздегі ғалымдардың (мысалы, О.Смағұловтардың) зерттеуі Қазақ халқының (тарихи мәдени қауымдастықтың) нәсіл (биологиялық қауымдастық) жағынан ұзак та құрделі барысты бастан кешірген халық екенін дәлелдейді. Ол сыртқы бейне жағынан европоидтарға тән ертедегі тұрғындардан (оның далалық типінен) сол уақыттың өзінде-ақ бөлінбес антропологиялық тұтастыққа, бірыңғай қауымдастыққа ене бастаған, Қазақ халқының арғы алтын өзегі де, біздің ең тұпкі ата-бабамыз да міне, осылар. Ойпыл-тойпылды құрделі барыс біртіндеп ерте темір ғасырларына (б.з.б. 400-700 жылдықтарға) келгенде анағұрлым жіктелулер, тайпа көсемдері бастаған әкімшіліктер, шаруашылық пен өнердегі дамулар қүшіне түсті, тіпті, Массагет, Агрипней Сактары, Сарматтар, Исседондар, Тиграхад Сактары сияқты тайпалардың сақ-скифтік одағы әлеуеттенді. Ал былайғы тұста біртіндеп шығыстық тайпалардың көшіп келуіне байланысты, Қазақ жеріндегі тұрғындардың бейнесіне монголоидтық элементтер ене бастады. Т.Фириштейн, О.Смағұлов сияқты ғалымдар «казақ жеріндегі әр атадан тарайтын Үйсіндер (Сарматтар мен Үйсіндер арасындағы ұқсастыққа қарағанда) бір-біріне жақындау. Сол сияқты әр түрлі географиялық аймақтардағы Сарматтар да (Үйсіндер мен Сарматтарға қарағанда) бір-бірімен жақындау. Ал Үйсіндерде Монголоидтық коспа анағұрлым көп» деседі. Сонымен б.з.б. бірінші мыңжылдықтың соңын ала Сак тайпаларының бірлестігі Үйсін дейтін, Қаңлы мен Алан дейтін т.б. тайпалық одактар кезеңіне енді. Бұларға біртіндеп Ұлы Жұзден (Даюежы яки Тохар), Ғұндардан қандас және қандастау тайпалар қосыла бастады. Қазіргі Қазақ дештінде осы кезден бастап айқын мемлекеттілік, таптық қарым-қатынас дүниеге келіп, дами түсті. Монголоидтық элементтік үлесі осыдан соң жалпы генетикалық кордың үштен біріне жетпейтін күйден өрлең, ішінара одактарда екіден бірге дейінге ұмтылды. Елжау – осы тұстағы Үйсін тайпалық одағының мемлекеттілігін нығайтқан ең мықты көсемдердің бірі.

Елжау заманынан кейінгі XXI ғасыр барысында қазіргі Қазақ жеріндегі тайпалар жоғарыдағыдай араласу (метистену) сипатты барысты жалғастыра отырып, бүгінгі Қазақты қалыптастырырды. Егер бүгінгі Қазақ жөніндегі антропологиялық зерттеу нәтижелеріне зер салсаң, неше мың жылдық бұл тарихқа тіпті нана түсесіз. Мысалы, Қазақтар бірыңғай антропологиялық типке жатады және антропометриялық жақтан тұрандық (онтүстік сибирлік) нәсілдік типке кіреді. Резустың (Rh) он реакциясының иелері өте басым, плюс (+) фенотипі жиілік мөлшері жоғары қан тобына жататын ұлт алақан және саусақ терісіндегі бедер кешеніне қарағанда туысы және монголоидтармен европеоидтарға тән топтардың аралығындағы аралас текті жүргт нәсілдік ген еристі (текті) тіс бедерінің маңызды морфологиялық

ерекшеліктері бойынша бірынғай халық және шығыстық белгісі басым тоң, Бас сүйектері жөніндегі өлпесулер де осыны растайды.

Қазақтың тегін зерттеп жүрген ғалымдарымызға құлақ тұрсек, олар мынадай дейді: «Қазак халқы Хангай, Алтай, Тарбағатай, Тәңіртау тауларынан Орал тауына дейін, Ертіс, Еміл, Іле өзенінен Еділ, Жайық өзендеріне дейінгі құлашын кен жайған ұлан-байтақ өнірді ежелден мекен етіп, өсіп-өрбіген Үйсін, Қаңлы, Дулат, Жалайыр, Арғын, Найман, Керей, Уақ, Қонырат, Қыпшак, Әлімұлы, Байұлы, Жетіру, Табын, Тама, Тұркеш, Қарлұқ т.б. ру-тайпалардан құралған».

Жоғарыда аты аталған ру-тайпалардың ішінде Қытай және басқа халықтардың жазба деректерінде ертерек әйгілі болғандардан Үйсін, Қаңлы, Алан, (алшын) тайпалық одактары бар.

Үйсін тайпалық одағы б.з. III-IV ғасырдан бастап б.з. кейінгі IV - ғасырға дейін, ілгері-кейінді болып, Чилианшан, Дүнхуаңдан бастап Шу өзеніне дейін, Ыстықкөлдің онтүстік жағалауынан Балқаш көліне дейінгі өнірді мекендейді. Оның батыс шекарасы Талас өзеніне дейін барып жетті. Жазба деректерге негізделгенде Үйсіндер, сол кездің өзінде-ақ 630 мың халқы, 188 мың 800 тұрақты әскері бар, билік органы едәуір кемелденген, құлдық мемлекет (хандық) құрған [1]. «Бұл мемлекетті ұлы би өзінің саяси мәдени және экономикалық орталығы болған Чыгу қаласында тұрып басқарған» [2.7-8]. Демек, Елжау - сонау ерте замандағы ата-бабаларымыздың асқарларының бірі. Үлтимызға тән мемлекеттіліктің шаңырағын алғаш көтерушілердің бір мыктысы.

Біздің ата-бабаларымыз ішіндегі тарихшылардың жазғаны жазуымыз, дініміз, мемлекеттілігіміз, елбасымыз сан рет және өте жайсыз өзгере бергендейктен сақталмаған болса (далаларда сақталған «тас кітап» сияктыларды есепке алмағанда), бұдан XXII ғасыр бұрыннан бастап бір тұастыққа берік бет алған әсіресе, информация тығыздығы өте жоғары және тіл ұстартуға тым ебедейлі жазуын сақтап кемелдендіре беруде мықты тұрған қытай халқының Сыма Чян мен Бан Гу сиякты тарихшылары біздер жөнінде мол да бағалы деректер қалдырған. Бұлар жөнінде ішінара «ғалымдардың» мұрын шүйіретіні бар («ұлттарды жамандай жазылған», «ономастикалық бұрмалаулар көп» деп). Мен отырып күлемін, жиырма неше ғасырдың алдындағы жанға не сөгіс?! Өзіннің он неше ғасырдың алдындағы «тас кітаптарындағы» тілдер (ономастикалық атауларын) бүгінге айна-катесіз үқсан тұр ма? Дыбыстық айтылым жағынан соның бәрі дұрыс та, мұлтіксіз дей аласын ба? Өзге түгіл, өз шежіренде бір рудың шежірешісі екінші руды мұқатып, кемсітіп айтатын тұстар аз ба? ... деп. Мұндай жәйттер біз жөнінде жазған грек, парсы, орыс, араб тарихшыларында жок па? ... бар, бірак ... оларға сөгіс жоқ, раҳмет көп, ми жұмсап, дұрыс пайдалану өзінде тән.

Ал осы тарих аталары біз, әсіресе, мына Үйсін жөнінде өте-мөте, оның кесемі Елжау туралы не дер екен? Соған бір құлақ түре кетелік.

Үйсін жаулары «Үйсіндерге тұтқыл шабуыл жасап елін шауып,

## **Жанболатов С. Үйсін билеушісі-Елжау Күнби**

көсемі Нәндібиді өлтіреді. Талан-таражға тап болған Үйсіндердің бір бөлімі тұтқындалады. Бір бөлімі Ғұндарға көшіп барып баспана тілейді. Осы қыргында Нәндібидің нәрестесі Елжау би жөргекке ораулы күйде қалың шалғынның ішінде аман қалады. Оны көкбөрі емізіп, құстар жем тасып беріп жатқан жерінен Бәже деген сардар (тегінде осы баланы бағып-қағын тәрбиелеуге жауапты болған адам) тауып алып Ғұндардың Чианюиыне (Тәніркұтына, көсеміне) апарып табыс етеді. Чианюи Елжаубиді мәпелеп бағып, ержеткізеді. Елжау би есейе келе ержүрек, айлалы, алғыр, батыр болып ержетеді. Чианюидың әскеріне колбасшылық стіп, әлденеше реткі шайқастарға қатынасып, женіспен оралып, елеулі еңбек сініреді. Чианюи де оның ерлігі мен ел басқару шеберлігін мөлшерлей отырып, бұрынғы әкесіне қарасты елді басқартады [3]. «Үйсіндер Ферғананың Шығыс солтүстігіне екі мың шакырымдай келетін жерге орналасқан. Ол мал бағатын көшпендей ел Ғұндармен салттас келеді әрі он мындаған жасақ ұстаған жауынгер халық тегінде Ғұндарға бағынышты болған. Кейін көркейіп, қүшіе келе өз тізгінін өзі алып, Ғұндарға аман-сәлемге бармайтын болған» [4]. «Үйсіндердің ханы «Күнмо» (Күнби) деп аталады екен. Күнмоның әкесі Нәндіби тегінде Чилианшан Дұнхуан аралығындағы ұлы юзилермен қанаттас отырған Кіші мемлекеттің билеушісі екен. Ұлы Юзилер Нәндібиді өлтіріп, олардың жерін тартып алған, халқы жосып, Ғұн еліне барып паналаған. Осы кезде жана туған жас бала Күнмоны әкесінің туысы Бәжеонқа (дұрысы «Жабғы» - С.Ж.) қалың піөптің арасына апарып шөпке орап койып, өзі тамаққа кетіп кайтып келсе, жас нәрестені көкбөрі келіп емізіп, ет тістеген құс төбесінен айнала ұшып жүр еді» [3].

«Ғұндардан естуімізге қарағанда – Үйсіндердің ханы «Күнмо» (Күнби) деп аталады екен. Күнмоның әкесі (Нәндіби) Ғұндардың батыс жағындағы (бұл кезде Үйсіндер ауып, етегін жиып Богда баурайына таман келген - С.Ж.) шағын елді билеген. Осы кезде ғұндар оларға шабуыл жасап, Күнмоның (Елжаубидың) әкесін олтіреді, жана туған нәресте бала Күнмо иен далада қалады. Бұл баланы құстар ет тасып беріп, көкбөрі емізіп асырайды. Ғұн тәніркұты оны «киелі бала» деп біліп өз жанына алыш, асырап ержеткізеді. Ол есейіп ержеткен соң шеру тартып жорыққа аттанып, женістерге жетіп, ерлік көрсетіп, еңбек сініреді. Ақырында Ғұн тәніркұты оны әкесінің орнына Күнмо (Күнби) етіп, әкесінің елін жинап, билігін береді» [4]. Біз бұл арада тек Елжауға байланысты тұстан ұзінді беріп отырмыз. «Тарихи естеліктер» («Тарихнама») мен «Хәннама» авторлары бізге қатысты бұдан өзге талай мағлұматтарды келтірген. Біздің бүгінгі тарихшыларымыздың ол заманды зерттегендеге сүйенетін бір тіреуі – осылар.

Ал, менің «Елжау Күнби», «Шашора Күнби» «Оңғай Күнби» атты романдарымдағы «сүйек» те осылардан алғынған. Әрине, көркем әдебиеттік туынды авторында оған мығым «бұлшық еттерді», әдемі «терілерді» жапсырып «киіндіру» мен «сөйлету» ақысы болады. Бірақ біз бұл макалада тек «сүйекті» ғана сөйлейміз. Өйткені біз шалқымай, толқымай, әсерлеусіз

ақиқат арқылы «Елжау Құнби деген кім еді?» сұрауына байсалды да нақты жауап қатқалы отырмыз.

Елжаудың кімдігіне барудан бұрын ол билеген ірі ұлыс Үйсін мемлекетіндегі усүннің қазактағы Үйсінге, сол арқылы қазаққа ата-баба екеніне аялдай кетелік. Бұл шындық өзге ұлттардың Үйсінді жатсынуына апармауы керек. Өйткені ұзак тарихта миша былыққан аласапыранға толы барыста, әсіреле, туыстас, тілдес, діндес, қоныстас тайпаларда нешеме ғаламат араласулардың болғанына көз жұмбауға тиіспіз. Мысалы, қазақты құраған белді тайпаның бірі – қыпшақтар. Бұл әлемге әйгілі ғылым дүниесі мойындаған ақиқат. Бірақ қыпшақ аздап болса да өзге ұлттарға да сінген, мысалы, ең таяуы бүгінгі Шинжияң Қырғыздарындағы Қыпшактар, сол атымен Ақтау ауданында Қырғыз болып отыр. Ал сонау Мысырға барып билік құрған Қыпшактардың (мәмлүктердің) аты Египет тарихында айқын жазулы түр. Меніңше өзге рулардан да, соның ішінде Үйсіндеңден де мұндай жағдай кезігүі ықтимал.

Баспағер Қаһарман Мұқанұлының аса маңызды зерттеу еңбегінде: «усүн» этнонимін алайық, мұның ежелден асуын, өсиен, өсун (қазіргісі усүн) болып оқылуы «Үйсін» атауымыздың дұрыстығын анғартады дейді [5.74]. Және өзге ғалымдардың осы орайдағы лебіздері, Мысалы, «Тәңіртауы – Сактар мен үйсіндердің белгісі» (А.Н.Бернштам). «Іле өзенін орталық еткен өнір Сактардың мекені» (Уаң Минжы), «Бес балық, құмды аймақтың терістігінде алдыңғы Хән патшалығы тұсында Үйсіндердің мекені болған» («Сүйнама. Жағафиялық баян»), «Алматы б.з.б. III-VII ғасырларда сактардың қонысы болған... Медеу сайынан Үйсіннің байырғы қабыры табылды» (Байұзак Кожабек), «Үйсіндер ескі Грек кітаптарында Исседондар деп жазылған екен» (Жақып Жұнісұлы), «Амудария сактары ыдырағаннан кейін Үйсіндер, Күшандар, Иүздер (тохарлар), Қанлылар пайда болған» (А.Н. Бернштам), «Сак тайпалар одағы ыдырап, оның орнында Үйсіндердің, Қанлылардың, Аландардың тайпалық одағы қалыптасты. Қазақ халқының ұлт болып дүние тарихы сахнасынан орын алғаш қадам тастаған дәл осы тайпалар одағы еді» (Жақып Жұнісұлы) деген пікірлері бұл ақиқатты тіпті айқындай, нығарлай, дәлелдей түседі.

Ал, мына пайымдаулар бұл шындықты одан ары нақтылай, ашалай, шежірелей көрсетуге талпынған:

«Қазақтың байырғы аңыз-шежірелері мен жазба әдебиетте «Үйсін» деген атау екі түрлі мағынада – тар мағынада және кең мағынада колданылады. Тар мағынасындағы «Үйсін» - қазақтың ұлы жүзінің құрамындағы тайпаның аты, ал кең мағынадағы «Үйсін» Іле алқабы мен Жетісу өңірін және Оңтүстік Қазақстанды мекендеген Ұлы Жүз тайпаларының жалпы аты. Үйсіндер туралы деректер осыдан 2000 жыл бұрынғы Қытайдың жылнамаларында кездеседі» [6.79]. «Үйсін» этнонимі туралы бірнеше тұспал бар. Оның бірі – үйсін атауы ұлыс аты. Мемлекет аты деп қарап, тайпалық одақтағы «одакқа» жуық мағыналы сөз (ұю, ұи су, ұи ым

...) деп қараша. Енді бірі – нақты адамның тайпа басының, Үйсін тайпасының түп атасының аты деп білу. Соңғы көзқарастағы профессор Жақып Жұнісұлы: «Шежіре деректерге қарағанда, Үйсін б.з.б. 430-жылдарда дүниеге келген, кейін хандық құрып ұзак жыл билік жүргізген әйгілі қоғам қайраткері болған адам ... Үйсіннің 7 ұрнағы Дауден Елсау (яғни Елжау) тарайды» - дейді және - «Елжаудың 8 ұрпағы Майқы шамамен заманымыздың 64-жылы Үйсін елінің орталығы Чыгу қаласында таққа отырып ел билеген... Майқы Қазақ шежіресінде бірінші Майқы деп саналған» деп көрсетеді де, Майқының 17 ұрпағы Сакалдан Ақдарлы, Жандарлыларды таратады [7]. Ғалым Нигмет Мыңжани біркыдыру деректерді тізе келіп «бұл фактілер ежелгі Үйсіндердің казіргі Қазақ халқының арғы атасы екенин анықтайды» деп тұжырымдайды. [6.121]. Лю Сун, Лю Ди сияқты ғалымдар «Үйсін бүтінгі Шинжияндағы Қазақ ұлтының ата тегі» деп ашық айтады [8.22]. Меніңше, ғалымдар енді бұған талас туарлық ештеңе де қалдырмаған болса керек.

Үйсін ұлысын билеген Елжау Құнби Нәндібиұлы дейтін адам, нақтырақ айтқанда, нендей беделге ие болып, қандай енбектер сініріп, қайсы ұлестерді қоскан жан еді?

Бұл жөнінде мен тағы да өзімнен гөрі өзгенін сөзін алға тартпақтын. Мұның мениң сөзіме күдіктене қарайтындарды азайтқаннан өзге зияны жоқ. «... Үйсіндер ... Іле аңғарына және Жетісу өніріне келіп, Қордалы жерден қоныс тауып, іргесін бекемдеп алғаннан кейін, шаруашылығы лезде дамып, тез арада алдыңғы қатарлы әлеуетті елге айналды» [1]. «Біздің заманымыздан бұрынғы 161-жылы Ғұндардың қарт Чианюи қайтыс болғаннан кейін Үйсіндер мен Ғұндардың арасында мұдде қактығысы туылдып, қактығыс қайталанып, қайшылық ушыға береді. Ғұндар қүшейіп алған Үйсіндерге әлденеше рет шабуыл жасаса да, женіліспен аяқталып отырады. Оның үстіне оларда діни сенім күшті болғандықтан Елжау биді өулие адам деп біліп (Елжаубиді аң-құс бакқан деген естерінде қалғандықтан) кайта шабуыл жасамай, бойын аулаққа салады. Мұнан кейінгі жерде Үйсіндер Ғұндармен жауласпаса достаскан емес» [2.30]. Байқап отырған боларсыз б.з.б. 161 жыл Елжаудың ержетіп (17-18-ге толып) Ғұндардан ел билігін алған тұсы. Демек, елдін Іле (Жетісу) өніріне келуі де, көркеюі де Елжаудың көсемдігіне тіке байланысты енбектер.

Елжау «Құнби өзі тағайындаған әскери-әкімшілік ұлықтары арқылы бүкіл мемлекетті менгеріп отырды. Кемеліне келіп дәуірлеген кезде Үйсін елінде 120 мың тұтін 630 мың адам, 188 мың 800 сайлауыт әскер болды» [1]. «Бұл сан сол заманда батыс өнірде болған 40 мемлекеттің халық саны мен әскер санының жалпы жиынтығынан әлдеқайда артық, атап айтқанда, Үйсіндердің халық саны олардан үш есе, әскер саны бір жарым есе артық еді. Сол заманын дәңгейінен алғанда, үйсін елінің аса күдіретті мемлекет болғандығы осыдан байқалады. Осы себепті тарихшылар Үйсіндер батыс өнірдегі «мейлінше құдіретті мемлекет» деп жазады [6. 88-89].

Тағы да байқаған боларсыз, Нәндібиді өлтірген қырғыннан кейін

бордай тозған, иесіз-бассыз қалған Үйсін мемлекеті Елжау заманында бүкіл батыс өңірдегі керемет құдіретті мемлекет болып отыр. Бұл онай еңбек емес. Эрине, сондықтан да ғалымдар мынандай баға береді:

«Үйсін Күнмо Елжауби үздік шыққан көсем, қажырлы қаһарман, соғыс өнеріне шебер, асқан ақылды парасатты адам еді. Ол сан реткі соғыс жорықтары мен қыын-қыстау шайқастарда ерлік көрсетті. Өзінен әлдеқайда күшті жауларды женді. Ауыр апатқа ұшырап, азып-тозған Үйсін ұлысын Іле өзені алабындағы құтты мекен қонысқа орнықтырып, Іле өзені алабында дербес Үйсін мемлекетін құруға маңызды үлес қосты. Сондықтан, Үйсін елінің халқы оны ардақтап, керемет киесі етіп табынды» [6.95]. «Елжау би – майдандағы батыр ғана емес саяси дарынды жан. Оның басшылығында Үйсіндер шапшаш дамыды және төнірегіндегі ұсақ тайпаларды жаулап, Үйсіннің малын мыңғыртты. Жанын көгерпті». «Елжау ұзақ та алыш саяси жүк арқалаған көсем». «Елжаудың жетегінде Үйсіндер соны қоныста өздерінін жаңа өмірін бастады». «Елжаудың тұра басшылығында Үйсін халқы жапалы енбекпен ел әлеуетін күн санап зорайта берді. 30-40 жылдық даму арқасында ... Үйсін бүкіл батыс өңірдегі ең күшті мемлекетке айналыш, 120 мың тұтінге, 630 мың жанға ие 188 мың 800 әскері бар үлкен мемлекетке айналды. Оның халық саны сол тұстағы батыс өнірдің Чаршан, Пычан, Жаркент, Қашқар, Хотан сияқты мекендердің халық санынан екі есе көп болатын. Оның аумағы шығыста Ғұндарға, солтүстікте Қанлыға, батыста Ферғанаға, оңтүстікте қалалық мемлекеттерге барып тірелетін. Елжау міндеті бөлінген мансаптар орнатып, әртүрлі саяси тұзімдерді тұрғызды. Күнби ең жоғарғы ұstemші, күндей хан болғандықтан Күнби аталған болатын». «Жаң Чян Жұздермен одактасып, Ғұндарға бірге қарсы тұру мақсатына жете алмағанымен, ол ойда жоқ-та Үйсіннің құдіретін көріп, Елжау бидің қабілетін танып қайтқан еді... Елжау би тереңнен толғанып, алысты барлайтын саясаткер болғандықтан, Батыс Хән патшалығының әлеуетін біліп алмай тұрып, кез келген келелі саяси бекімге оп-оңай келе салуы мүлдем мүмкін емес-ті. Сондықтан, Елжау би бір жағынан Жаң Чян тобын қызу күтіп алды, енді бір жағынан Жаң Чиянға еріп Чаң Әнға барып, Хән Удыига рахмет айтатын адамдар тобын дереу үйимдастыруды. Мұның аты – рахмет айту, шыны Хән империясының әлеуетін нактап тексеріп көріп, ең сонында Үйсін Хән одактастық дәрежесін бекіту болатын...», - дейді Уан Лиие сияқты ғалымдар [9.3]. Меніңше Елжау жөнінде бұдан толық, бұдан нақты баға бола қоймас. Ол, әрі көріп отырсыз, Қытай ғалымдарының бағасы.

Сонда да ғалымдар тобына тағы бір-екі кезек сөз бере түсейік, мұнда сіз Елжаудың ел билеу шеберлігі мен саясаткерлігіне тіпті көз жеткізе түсесіз.

«Елжау биді өз позициясын өзгертіп, Хән патшалығымен құдаласуға, одактасуға көндерген негізгі себеп – объективтік жағдайдағы шұғыл өзгеріс...» толып жатқан факторлар «Елжау биді Хән патшалығына елші жіберіп жылқы тарту етіп, Хән патшалығының ханшасын алып,

жегжат болуға ынтықтырды. Осындай құда-жұраттық істестік арқылы ол өз билігін қауіп-катерсіз, баянды сақтауды ойлады» [10.13]. «Батыс Хән патшалығы мен Үйсін бектігінін құдалығы оның саяси одактастық тәсілі екенін анфартады... Құдалықтың саяси сипатын ашық көрсетеді» [10.82].

Бұл екі дәйек сөздің түп айтары – Елжаудың маңындағы ірі елдермен, сонын ішінде шығысы Хән, солтүстігі Ғұн қағанаттарымен құда болуы «қазақ байыса қатын алады» ғана емес, терсөн саяси шара екенін көресіз. Сонымен «Ұлы юзылерді жену, Ғұндардың құлдану мен тізгіндеуінен құтылу міндетін Үйсін тарихындағы, міне, осы бір шоғырлы еңбекті ада қылған Үйсін Құнби Елжау би еді» [10.60].

Әрине, бұл Елжаудың кімдігін білу үшін ғана емес, өз ағанды ағалау, әйгілі ата-бабаны ардақтау, тарихта өзінің кеменгерлігімен, батырлығымен, қабілеттілігімен із қалдырған алып тұлғаны лайықтас тұсында еске алып отыру, оның абзал қасиеттері мен аскак рухын ұрпаққа үйрете жүру үшін де катты қажет. Осы орайда дәл осы жылдарда Елжаудың қайтыс болғанына шамамен 2100 жыл толатынын айрықша айта кетпекпін.

«Құнби – хан атағы, өз аты Елжауби, кейінгі кітаптарда Құнми деп жазылған» [11.49] - дейді «Хәннама». Мұндағы Құнмо мен Құнби бір атақтың, яғни қазіргіше айтқанда «Құнбидің», ескіше айтқанда, «Құнмидің» (бәлкім «би» бұрын «ми» деп айтылған да шығар. Өйткені адамды бас, оның ішінде ми басқарады ғой) қытайша екі түрлі жазылуды. Ал күн иероглифі – кәдімгі күн. Бұл туралы ғалым былай дейді: «Көне түркі тілінде «Б» әріп «М» әрпімен өзара ауысып «бин» «мин» болып жазылған» [10.180]. Бізде мұндай жағдай жиі кезігеді, ендеше ежелгі жазындылардағы «ми» қазіргіше айтқанда «би» (қазақ тілінде бүгінге дейін сакталып келген зат есім – билеуші, әмірші, бағындырушы).

Ал, «Құн» - қазақ және өзге түркі тілдеріндегі «әлемге жарық беретін, қызу беретін планета». Ол кездің тұрғысынан айтқанда, көп тәнірлік заман ұғымымен тұсіндіргендегі тотем, яғни ұлы көк (аспан) тәнірі аумағындағы «Құн тәнірі», демек (Құнми) дегеніміз «Құнби» - «құн тәнірім койған билеуші», мемлекеттің ен жоғары әміршісі, патшасы, хуанды, сұлтаны. «Қытай ұstem таптары өздерін «тәнірұлы» (Тянзы) деп атады. Ғұндар ұstem таптары да өздерін «тәнір тағайындаған Ғұндар Тәнір Құты» .... деп атады.... Үйсіндер де «Құнмо» (Құнби) атауларын әне сол мағынада колданған» [10.182].

Ғұн елі жайындағы ономастика туралы екі ауыз сөзді қыстыра кеткен жөн сықылды. Оның бірі «Ғұн» «һұн» «һон» делініп жүрген тайпалық одактың әсілгі аты «хұн» болуға тиісті. Өйткені бірінші, «хұнның» қазірге жеткен мағынасы «Ағын», екіншіден, ертеде ол өзен аттарына жиі қолданылған (Аму өзені «Жейхун» делінген), Ҳұндар елінің орта шеніндегі өзеннің аты да «Хұн» болған (қазір Монғолиядағы «Орхұн» дариясы, бәлкім түрікше «өр» «Хұн» шығар), үшіншіден, өзен, дария да ол кездің мыкты тотемдері еді. Ал Ғұн елінің билеушісі Чианюиды «Тәніркүт» деп жүрміз.

Мұндағы «тәнір» дегенге айтар жоқ. Ал, «күт» бәлкім «күт» «гұд» шығар. Мұндағы «күт» та тым алыс кетіп тұрған жоқ. Сөйтсе де егер «күт» (қазакшадағы «Көдек!» сөзіне назар салыңыз! Түсіндірме сөздікте оның «нәресте», «бала» мағынасы түсіп қалған) немесе «гұд» (ұйғыршадағы нәресте мағынасындағы «годок» дегенді ескеріңіз) болса, «тәнірдің ұлы» дегенге тіпті таяй түсер еді.

Енді такырыбымызға кайта оралып, елге сөз берейік:

«Біздің заманымыздан бұрынғы 161-162 жылы Мөде Тәнірқұты он білгі ханын батысқа аттандырып (Іле өзені аңғарына – үзінді алушы) жаппай шабуыл жасады». Бұл кезде «Елжау би де Үйсін елін бастап шығып, іске араласқандығы сөзсіз. Олар Ғұндармен бірге Юзілерді женіп, құғындағаннан кейін сол жерде мекендереп қалған» [12.276]. Бұл Елжау Күнбидің ер жетіп, өз елінің тізгінін өз қолына алған шағы. «Жалпылама өлшем бойынша айтқанда, жастық немесе ересектік деген сөздер 18 жас шамасын мензейді». Ал, көшпенді халықтың «Ұрпактары, тіпті ертерек есейіп ер жетеді. Сондықтан, «ержеткен» деген сөзді 18 жас немесе 16-17 жас деп есептесек, бұлардың қай-қайсысы да бола береді» [10.15]. Ендеше, Елжау Күнбидің біздің заманымыздан бұрынғы 177-жылдың маңында туылғандығы сөзсіз. Бұған аялдаған Уаң: бұл арада басын аша кететін жәйттердің бірі – «Үйсіндерді юзілер жойды деу дұрыс емес. Ғұндар жойды деу дұрыс» [10.16]. Ал, «Үйсіндердің елі жойылған жыл (біздің заманымыздан бұрынғы 177-жылы) – дәл Күнбидің (Елжау бидің) туған кезі» [10.17] - дейді.

Жә... енді, мөлшермен б.з.б. 177-жылы дүниеге келген Елжау Нәндіби ұлы қашан дүниеден өтті? Тағы да елге сөз берейік: «Хәннама, Үйсіндер тарауына» қарағанда Хән Уди патшаның юанфың жылдарында (біздің заманымыздан бұрынғы 105-110 жылдары) Елжауби қартайған, сонда да Үйсін елін билеп отырған». Демек, бұл тұста «Елжауби 70 жас шамасында, оның қартайды делінуі нанымды» [10.24]. «Хән Уидің тәичу алғашқы (б.з.б. 104-жыл) жылы маңында Үйсін халқы кеменгер де киелі санаған Күнби Елжау дүние салды да Жөнші (Саншұра) би Күнбілікке шықты». [9.3].

«Елжау бидің өлген жылын, бері айтқанда, Шижұн ханша Үйсінге ұзатылып барғаннан кейінгі 4-жыл шамасы деп межелеуге болатын секілді, яғни ол Уди патшаның тайчу алғашқы жылы (б.з.б. 104 жылы) шамасы дүние салған болу керек деп межелеуге тұра келеді» [10.23]. «Үйсін мемлекетінің негізін қалаған ұлы Күнби-Елжау би.... елдің іргесі қозғалмайтындей етіп алтын қазық қакқан соң ғана қөнілі жәй тауып... дүниеден өтті. Мұны тарихшылар шамамен Иса пайғамбардың туған күнінен 104 жыл бұрын еді деп пайымдайды. Екі-үш жылдың арлы-берлі ауытқып қолданылуының дәл қазір пәлендей маңызы жоқ», - дейді әйгілі ғалым, жазушы Т.Жұртбаев [13.274].

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Хәннама. 96-том. Батыс өнір, үйсін мемлекеті тарауы.
2. Жакып Жұнісұлы. Қазақтың тегі және қалыптасуы. Күйтін. Іле халық баспасы. 1994ж.

## Жанболатов С. Үйсін билеушісі-Елжау Күнби

3. Хәпнама. 61 – том. Жиаң Чиан. Ли Гуаң Лилердің өмірбаяны.
4. Тарихнама. 123-том. Ферғана тарауы.
5. Мұқанұлы Қ. Қытай тарихнамаларындағы ономастикалық атаулардың ежелгі дыбысталуы жөнінде. Шин жияң қоғамдық ғылыми журналы. Үрімжі. 1997 ж. №3
6. Мыңжанұлы Н. Қазақтың қысқаша тарихы. Үрімжі. Шинжиян халық баспасы. 1987ж.
7. Жұнісұлы Ж. Тағы да үйсіндер туралы. Шинжиян жоғары оқу орындары ғылыми журналы. Үрімжі. 1998 жыл, №3.
8. Лю Сун. Шинжияңның 2000 ж. Үрімжі. Шинжиян жастар өрендер баспасы. 1998ж.
9. Уан Ле. Байырғы заман қазак арыстарының баяны. Үрімжі. Шинжиян оқу-ағарту институты. 1995ж.
10. Уаң Минжы, Уаң Биңхуа. Үйсін туралы зерттеу. Үрімжі. Шинжиян халық баспасы. 1989ж.
11. Бан Гу. Батыс өңір және Үйсін мемлекеті. Үрімжі. Шинжиян халық баспасы. 1987 ж.
12. Шығарманы жазу групиасы. Шинжияңның қысқаша тарихы. 1-том. Үрімжі. Шинжиян халық баспасы, 1980-ж.
13. Жұртбаев Т. Дұлыға. 1-том. Жалын. Алматы. 1994.

### RESUME

Sultan Zhabolatov (Urimchi)

The rule of Uysun people –Elzau Kunbi

The article deals with the role of Elzhau Kunbi in the forming and strengthening of Uysun atate till the event of his death. The author quotes the opinion about this man of Chinese historians Sima Chyan and Ban Gudi.

Тоте жазудан аударып дайындаған  
Елбол Райханұлы